

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 3 "Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылдық округінің Еңбек ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 13 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 қазанда № 30004 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының Ерейментау ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 01-31-646 ұсынысының негізінде ШЕШТІМ:

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округінің Еңбек ауылы аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары ұсақ қара малдың бруцеллез ауруын жою жөніндегі кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты тоқтатылсын.

2. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 3 "Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылдық округінің Еңбек ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4182 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Еркіншілік ауылдық
округінің әкімі*

М.Жампеисов